

Астана қаласы әкімдігінің «№72 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

Қамқоршылық кеңес отырысының №1 хаттamasы

Күні: 13.10.2022ж

Откізілу форматы: онлайн

Киң тәртібіндегі сұрақтар:

1. Қамқоршылық кеңес құрамын қайта сайлау.
2. Қамқоршылық кеңес туралы ережемен кеңес мүшелерін таныстыру.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңес жұмысын бекіту

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңесінің құрамына 1, 2, 10 сыныптар ата-аналары атынан төмендегі ұсыныс білдірушілер ұсынылып, оларға кеңес құрамына кіру үшін жазбаша өтініш жазу арқылы қабылданатындары ескертілді.

1. Абдиманбекова Айжан Наурызбаевна
2. Садвокасова Иралия Радиковна
3. Таржанов Владимир Николаевич

Алдыңғы кеңес құрамы жаңа оқу жылында 1 сыныптардың келуі және 2, 10 сынып ата-аналары атынан құрам мүшесі болып жүрген Нұрдаulet Гульден Хамитовна, Сагижанқызы Алма, Алимбаева Гульжан Ануарбековна балаларының басқа мектепке ауысуына байланысты өзгерді. Сонымен қатар, Жағалбайұлы Мадат Мұсаұлы, Адешов Алмас Кенжетаевич өз еркімен қамқоршылық кеңес құрамынан босатуға байланысты өтініш жазды. Хабарландыру бойынша кеңес құрамына өз еркімен кіруге өтініш жазған Джангунаков Бауржан Мухаметсағовиң, Абишев Талгат Берекеевич болды.

Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша, қамқоршылық кеңес тәрайымы Нарымбаева Алия Жакуповна сөз алды. Кеңес құрамының өзгеруіне байланысты барлық құрам мүшелеріне «Білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрықпен таныстырып, әр бөліміне тоқталып өтті. Қамқоршылық кеңестің сайлау тәртібі мен құрамын, өкілеттілігін, кеңес жұмысының ұйымдастыру тәртібін таныстыруды. Жаңадан кірген құрам мүшелері де сөз алып, өз ойларымен бөлісті.

Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша кеңес мүшелері бірлесе отырып жасаған жұмыс жоспарларына тоқталып, ұсыныстар негізінде кеңестің жұмыс жоспарын бекітуді ұсынды. Нарымбаева Алия Жакуповна айтылған ұсыныстардың қабылданатынын, олардың алдағы жұмыс жоспарына енгізілетінін айтЫП өтті.

Отырыс шешімі:

1. Қамқоршылық кеңес құрамына кіру туралы азаматтардың өтініші мен тізімі Астана қаласы Білім басқармасына жіберілсін.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелері №355 бұйрықты негізге ала отырып, жұмыстарында қолдансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

 Нарымбаева А.Ж.

Хатшы:

 Аманова А.А.